Бекітемін:

ЖШС «Жансая-Нұрсая»

бөбекжай балабақшасы

меңгерушісі: Г.Есенбаева

# Өндірістік кеңес хаттамалары

# 2022-2023 жылы

**ЖШС«Жансая-Нұрсая» бөбекжай балабақшасы**

**Өндірістік ке4ес хаттамалары**

**ХАТТАМА №1**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1.Балабақшадағы іс-шаралармен таныстыру. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы.
2.Балабақшаның санитарлық –гигиеналық жай-күйі.
3. Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есеп.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

1.ГН Есенбаева«Жансая-Нұрсая» бөбекжай балабақшасының менгерушісі.Ол балабақшада жаңа оқу жылында атқарылатын іс-шаралармен ұжымды таныстырды. Жұмысшылар мен тәрбиешілердің балабақшада атқаратын қыһметтеріне қойлатын талаптарды атап, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуын талап етілетінін ескертті

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Балабақшадағы ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындау

2.Балабақшаның санитарлық –гигиеналық жай-күйі жайлы балабақша мед бикесі баяндады. Оқу жылының басында санитарлық тексеруден өту мерзімі өту жайлы тәрбиешілерге ескерту жасады.Әр топтың көмекші қызметкерлеріне топта санитарлық талаптардың орындау жайлы ескертпе парақшаларын таныстырып қолдарына берді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Балабақшаның санитарлық –гигиеналық талаптарын сапалы орындау

3.Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есепті балабақшаның шаруашылық жөніндегі маманы жасады. Оқу жылына балаларға арналған ауладағы ойын құралдары жаңартылып толықтырылғанын атап өтті

**Балабақша менгерушісі:** Г Н Есенбаева

**Хатшы :** К Е Мусаева

**ХАТТАМА №2**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.
2. Тәжірибелік сабақ. Өртті болдырмау ережелері
3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Жаңа жылдық мерекелерді өткізу бойынша консультация.
4. Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

1.Г.Н Есенбаева«Жансая-Нұрсая»балабақшасының менгерушісі.Ол балабақша педагогтарымен қызметкерлерінің енбек демалыс кестесін таныстырды.

2.Балабақшаның шаруашылық жөніндегі маманы өртті болдырмау ережелерімен қызметкерлерді таныстырып,өрт болдырмау құралдарын қолдану бойынша тәжірибелік сабақ өткізді.

3. Тукирбаева Салтанат жаңа жыл мерекесіне дайындық жасау бойынша консультация кенес берді

4. Балабақша мед бикесі топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы жайлы ақпарат берді

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. педагогтармен қызметкерлердің енбек демалыс кестесін бекітті
2. жаңа жыл мерекесін өртті болдырмау ережелеріне , әдістемелік кенес талаптарына сай етіп дер кезінде өткізу
3. топтарда ас бөлмелерде тазалықты ережелерге сай үнемі орындау

**«Жансая-Нұрсая» балабақша менгерушісі:** Г.Н Есенбаева

**Хатшы :** К.Е Мусаева

# ХАТТАМА №3

## КҮН ТӘРТІБІ:

1.Жылу маусымына дайындық
2. Кіші топа ұйымдастырылған оқу іс әрекеттер жоспарының сапасын тексерудің нәтижесі

## СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1.Г.Н Есенбаева «Жансая-Нұрсая» балабақшасының менгерушісі
Балабақшаның қысқы мезгілінде жылу жабдықтарының тексеруден өткізіліп қолдануға дайындығын баяндады

2.Тукирбаева Салтанат- кіші топа ұйымдастырылған оқу іс әрекеттер жоспарының сапасы тексерілгені жайлы айтты. Тексерудің нәтижесі бойынша бұл топта балалардың және серуен уақытында қолданылатын қимылды ойындарды түрлендіру жиі қолдану қажеттілігін атап көретті

## ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Кіші топта серуен уақытында қолданылатын қимылды ойындарды түрлендіру жиі қолдану тәрбиешіден талап етілсін

**«Жансая-Нұрсая» балабақша менгерушісі:** Г.Н Есенбаева

**Хатшы :** К.Е Мусаева

**ХАТТАМА №4**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1.Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі.

2.Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы

3.Тиімді теңгерімді тамақтануды ұйымдастыру бақылау қорытындысы

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

1.Г.Н Есенбаева «Жансая-Нұрсая» балабақшасының менгерушісі. апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексеріп нәтижесін хабарлады. Журналдарды жүргізгенде балалардың іздену және ойын әрекеттеріне түрлі іс шараларды қосып толықтыруды тәрбиешілерге ұсынды.

2. Мусаева Күнсұлу -Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы бойынша ақпарат жасады. Барлық топтарда дайын жаттығулар картотекасының қолдануын мақұлдап, ортаңғы топтарда түскі гигиеналық шараларды орындау барысында балалардың өз еркімет әрекет жасауына көбірек мумкіндік беру қажеттілігін атап көрсетті

3. Балабақша мед бикесі балалардың тиімді теңгерімді тамақтануына бақылау жүргізгені бойынша ақпарат берді.Бақылау қорытындысы бойынша тамақ мәзірі мен сапасы талап денгейінде екенін атап сонымен қатар ата аналардан алынған сауалнама қорытындысы бойынша арыз жоқ деп көрсетті

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1.Циклограмма журналдарды жүргізгенде балалардың іздену және ойын әрекеттеріне түрлі іс шараларды қосып толықтыруды тәрбиешілерге жуктеу

2.Ересек және ортаңғы топтарда түскі гигиеналық шараларды орындау барысында балалардың өз еркімет әрекет етуіне жағдай жасауын тапсыру

3.Бақылау қорытындысы бойынша балабақшада балалардың тиімді теңгерімді тамақтану жағдайы қанағаттанарлық деп есептеу

**Балабақша менгерушісі:** Г. Н Есенбаева

**Хатшы :** К.Мусаева